

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Мемлекет жайлы, оның пайда болу себептері, мәні, мемлекетті басқарудың түрі мен тәсілдері төңірегіндегі ой-толғамдар, ғылыми зерттеулер, пікірталастар мыңдаған жылдардан бері үздіксіз жүріп жатыр. Кімді болсын ойландыратын тағылымы мен сабағы да көп. Мемлекетті басқару ілімін түзгенде әділдікті, заңға жүгінуді, ақыл-ойды бірінші кезекке қойған, «патшалар мен билеушілер скипетр ұстағандар емес, әйгілі вельможалардың сайлағандары емес, билікке жеребемен немесе зорлықпен, алдаумен жеткендер емес, олар басқара білетіндер», деген Сократ құлиеленушілік қоғамда айтқан тым өткір идеясы үшін б.з.д. 399 жылы өлім жазасына кесілсе, мемлекет пен құқықты қоғамдық-экономикалық формацияның, базистің өзгермелі қондырғысы түрінде ғана қарастырған маркстік-лениндік ілім XX ғасырдың 74 жылына бойы Кеңестер елінде үстемдік құрып, сол «уақытша қондырғының» қатыгездігінен миллиондаған адамдардың тағдыры қиылды.

Демек, мемлекет пен мемлекеттік билік мәселесі жәй ғана танымдық маңыз-мәртебеге ие, өткінші, жеңіл-желпі қызу тудыратын әңгіме-дүкеннің санатына кірмейді. Бұл орайдағы ғалымның ойы, шешеннің тілі, батырдың ерлігі, билеушінің таңдауы адамзат баласының озат тәжірбиесі мен тағылымынан, халқының бүгінгі мен ертеңіне ет-жүрегі елжірей аландаудан туындап жатқаны абзал. Бірінші кезекте мемлекетке, азаматтарына ынтымақ пен ілгерілеу, қауіпсіздік пен еркіндік әкелетін-әкелмейтінін асқан жауапкершілікпен әрі даналықпен ажырата алудың мәні зор. Мемлекет тарихын дәуірлеудің де жауапкершілігі жеңіл емес. Ол үшін қырық қатпарлы деректерді игерумен қатар теориялық-методологиялық ізденістің биік деңгейін ұстай білу керек.

Қазақ мемлекеттігінің тарихын ғылыми таным биігінен дәуірлегенде біз басты методологиялық ұстанымдарға мемлекеттік тәуелсіздік, аумақтық орналасуы, қоғам мүшелерінің еркіндігі, биліктің тармақталуы, заңның әділдігі мен қолданылуы, жеке тұлғаның тарихтағы ролі, елдің ішкі-сыртқы бәсекеге қабілеттілігі мәселелерін жатқызамыз.

Кез-келген тарихи дәуірлеудің әлқиссасы зерттелмек оқиғаның, құбылыстың қашан, қай кеңістікте, қалай дүниеге келгенін анықтаудан басталады. Қазақ мемлекетінің пайда болу тарихы бұл өлшемнен тыс тұра алмайтыны баршаға түсінікті. Біздің жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықта пайда болған сақтар мемлекетінен бастап XV ғасыр ортасынан аса бере шаңырақ көтерген Қазақ хандығына дейінгі аралықта Еуразияның сайын даласында 20-ға жуық

мемлекет ғұмыр кешті, ұлттық тарихымызда айтарлықтай ізін қалдырды. Бұлардың мемлекеттік құрылымында, елді басқару әдіс-тәсілінде, тіпті заңнамаларында ұқсастық пен сабақтастық аз емес. Қазақ хандығының пайда болуына алғышарт ретінде оны қабылдауымыз керек. Жалғастық пен сабақтастық бар қоғамда ілгерілеуге жол ашылады.

Дегенмен Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққан тағдыранықтағыш сәттің, айрықша құбылыстың мәнді белгілерін тани білудің мәні зор. Оның үстіне қазақ мемлекетінің тарихын Орда-Ежен алғашқы ханы болған Ақ Ордадан, Орыс ханнан бастауды дәйектеген зерттеулер жарық көргені және бар.

Біздің ойымызша, мәселенің тап осылай қойылуы теориялық-методологиялық тұрғыдан дәйексіз әрі ұлттық мемлекетіміздің қадірін ашатындай ақиқатқа апаратын ұмтылыс емес. Өйткені Ақ Орда мемлекеті империялық дағдарысы асқынған Алтын Ордадан бөлініп шыққанымен өзінің, халқының тәуелсіздігін қорғай алмады, бірде Әбілқайырға, бірде Тоқтамысқа, бірде Ақсақ Темірге бағынышты күн кешіп, мемлекеттік шекарасы қалыптаспай, этникалық тұтасуы аяқталмай, тарих сахнасынан түсіп қалған саяси құрылым. Бұл – бір.

Екіншіден, егер Ақ Орданың географиялық-аумақтық орналасуы бір замандарда қазіргі Қазақстан жерін алып жатқан еді, билік басында Қазақ хандығын құрған Керей-Жәнібек сұлтандардың арғы аталары отырды ғой деген тұжырымдарды басшылыққа алатын болсақ, мемлекеттігіміздің тарихын бірден Жошы ұлысынан бастауымызға тура келеді. Бұл-Шыңғыс ханның Қазақстанды отарлауын, қазақ этногенезін тежегенін ақтау деген сөз. Ал мұндай ұстаным орныға қалса, моңғол шапқыншылығынан әріде бастау алған тарихи сабақтастықты жоққа шығаратыны өз алдына, ол сақ-үйсін, байырғы түркі, оғыз-қыпшақ мемлекеттерінің ұлттық тарихымыздағы мән-маңызын екінші қатарға ысырғанмен пара-пар.

Үшіншіден, Ақ Орданы алғашқы қазақ мемлекеті ретінде қабылдау ұлт тарихындағы Ноғай ордасының, Моғолстанның орнын елемеуге соқтырады. Моғолдардың түркілік тегін, ру-тайпалық құрамы Ұлы жүз бен Орта жүздің тарихында айрықша орын алатынын білімпаз шығыстанушы В.П. Юдин бай деректік негізде дәйектеген болатын. Қазақ хандығы құрылмай тұрғанда-ақ Ақ Орда өмір сүруін тоқтатса, Ноғай ордасы мен Моғолстан Қазақ хандығымен бірде табысып, бірде шабысып, XVII ғасырға дейін мемлекеттігіміздің тағдырына тікелей әсер ете алды. Әрі-беріден кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандарға хандықты құруға жер бөліп берген Моғолстан билеушісі емес пе?

Төртіншіден, ұлттық мемлекетіміздің тарихын Қазақ хандығынан бастау керектігін кезінде Шоқан да қолдаған еді. «...Предание киргиз считает своим ханом Джанибека, сына Барака, - дейді ол. - Во всяком случае, по преданию, Джанибек был первым ханом казаков из фамилии Джучи-хана... Время управления Джанибека, когда две родные орды ногаев и казаков жили вместе, воспевается в киргизских поэмах, как золотой век. К этому времени принадлежит большая часть преданий, нравственные изречения Джиренчи-Чечена (мудрого), Аз-Джанибека и ногайского философа Асана Горемычного (Асан-Кайгы) употребляются степняками до сих пор».

Халықтың мәртебесі, тарихының мазмұндылығы төл мемлекетінің қашан пайда болғанымен өлшене бермейді. Әлемде мыңдаған тілде сөйлейтін халықтар бар, ал мемлекеттер саны 200-ге жетер-жетпес. Бұдан мемлекеті барлары – өркениетті, жоқтары – өркениет көшіне ілесе алмағандар деген тұжырым тумаса керек. Бар мәселе мемлекетін құрған халықтардың сол байлық пен бақытты сақтай алған-алмағанында.

Мемлекет дегеніміз, біздің ойымызша, нақты аумақта бір немесе бірнеше халықтың басын біріктіруші, мүдделерін қорғаушы саяси-құқықтық жүйе. Бұл жүйенің пайда болуы да, ондағы басқару тетіктерінің қалыптасуы да ұзақ мерзімді қажет етеді. Табиғи-географиялық орта, одан туындайтын шаруашылық-мәдени тип, тарих үдерісі халықтың болмысын даралауға қалай әсер етсе, мемлекеттің табиғатын анықтауға да соншалықты ықпал етеді деп есептейміз.

Сонымен, XV ғасырдың екінші жартысында (1465 ж.) Қазақ хандығы Еуразияның сайын даласында кем дегенде екі мыңжылдық тарихты артта қалдырған мемлекеттер мен заңдардың қасиетін, мәнді белгілерін, қағидаларын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қабылдай, бойына сіңіре, жетілдіре жалғастырып, өзіне ғана тән қадір-қасиетімен, даралануымен алғашқы қадамын жасады. Басқаша айтқанда, біздің ұлттық мемлекетіміз өткені бұлыңғыр, алды көк тұман, қу тақырда құрылған, сайда саны, құмда ізі жоқ азаматтарды бір шаңырақтың астына біріктіре салған саяси-құқықтық бірлестік емес. Сондықтан да Қазақ хандығы пайда болғанға дейінгі мыңжылдықтарды түркілену, исламдану, қазақтану дәуірі, бір сөзбен түйіндесек, жер-ананың қазақты, оның мемлекетін дүниеге әкелуге толғатқан ғасырлары десек қателеспейміз.

Жер-ананың, тарихтың алтын құрсағында мыңдаған жылдар тербетілген Қазақ хандығы Шу мен Қозыбасыдағы алақандай аумаққа туын тіккенде, сәбилік, балалық, жеткіншектік өсу сатыларын артта қалдырып үлгерген еді.

Бабаларының тәжірибесі мен тағылымын бойына жия дүниеге келген ол бірден төл тарихының классикалық дәуірін бастап кетті. Классикалық дәуір үш ғасырға жуық созылып, 1718 жылы Тәуке ханның қайтпас сапарға аттануымен аяқталды.

Дәуірді классикалық деп айдарлауымыздың бірнеше себебі. Біріншіден, Қазақ хандығы осынау дәуірде бір сәтке тәуелсіздігінен айрылған жоқ. Тіпті, XVI ғасырдың жазба дерегі «Бадаи ал-Вакаи» қазақтар елін «Қазақстан» деп атағаны мемлекеттің нығайғанын көрсетсе керек. Ел басына күн туған сәттер аз емес еді. Жоңғар мен қытай да, қырғыз бен өзбек те, орыс та қазақ жеріне тамсана қараумен болды. Бірақ олар, Күлтегін жазуында айтылғандай, «игі, білгіш кісілерді, игі, батыл кісілерді қозғалта алмады. Бір кісі жаңылса, рухы, халқы тұқымына дейін қалмас еді». Әрине, қазақ хандығының күшеюіне көрші мемлекеттердің ішіндегі алауыздық, өзара қырқысулар, мәселен, шейбанидтер мен аштарханидтердің билік үшін таласы, себеп болғанын да ескеруіміз керек.

Екіншіден, тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының қалыптасуы түпкілікті аяқталды. Қилы тағдырмен қазақтар құрамына кірген түркілік, түркілік емес тайпалар тегіс қазақтанып кетті. Қазақтың тілі, мінезі, әдет-ғұрпы, ру-тайпалық құрылымы, ойындары, этнопедагогикасы, философиясы, өнері, болмыс-бітімі дараланғаны - тап осы тұс.

Үшіншіден, күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған билеушілер мен саны үздіксіз өскен халық ұлан-ғайыр жерін анықтап, шекараларын бекемдеді, Қазақ хандығы халықаралық субъект дәрежесіне көтерілді. А.Левшин, Ш.Уәлиханов, Т.Шонанұлы зерттеулерінде XVI ғасырда-ақ қазақтар қазіргі Қазақстан аумағын қоныстанып отырғаны дәйектелген. Ал ортағасырлық Шығыс қолжазбаларында Қазақ хандығының өзбектермен, Ресеймен, Ауғанстанмен, Иранмен, Индиямен, Түркиямен саяси және сауда-саттық байланыстар орнатқанынан деректер молынан кездеседі.

Төртіншіден, билік жүйесі тармақталып, заң шығару, атқару және сот салалары нақты орнықты. Мемлекеттік биліктің бір адам қолында немесе жалғыз әкімшілік құзырында шоғырлануына жол бермейтін тетіктер мүдіріссіз жұмыс істеп тұрды. Соның бірі, біздің ойымызша, «Хан талапай» салт-дәстүрінің атқарылуы. Ол бойынша ақ киізге көтеріп, хан сайланған тұлғаның мал-мүлкі, байлығы жиналғандарға таратылады. Осылайша барша қоғам алдындағы ханның саяси-экономикалық жауапкершілігі мен тәуелділігі шартты түрде бекемделеді.

Мемлекетті басқарушылардың әлеуметтік иерархиясында ханнан басқа билер, сұлтандар, батырлар, тархандар, қожалар, ақсақалдар жайғасты. Дәстүрлі биліктің шет жағасын ғана көріп қалған А.Левшиннің таңданысын жасыра алмай: «Все соседи киргиз-казаков управляются или монархическим или деспотическим правлением, все родственные им народы живут в рабстве, достойном сожаления, а они почти совсем не знают подчиненности, у них не существуют даже ни имя подданого, ни имя владельца. Явление очень любопытное для политиков!», деп жазғаны бар.

Бесіншіден, мемлекет пен құқық қарым-қатынасы реттеліп, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз Тәукенің «Жеті жарғысы», ислам дінінің гуманизмге толы қағидалары мемлекет өмірін дала демократиясының арнасына түсірді. Азаматтық, қаржылық, отбасылық, қылмыстық құқықтардың алғашқы үлгілері мен баптары классикалық дәуірдегі қазақ мемлекетігіне беймәлім емес еді. Адамның өмірі, бостандығы мен бас еркі дала демократиясының өзегін құрады. Билер институты шешімінің хан жарлығымен бірдей дәрежеде атқарылғаны осыған айғақ болса керек. А.Левшиннің ел ішінен жинаған мәліметіне ден қойсақ, Ұлы дала заңдарының ғасырлар бойы түзілгенін халық айна-қатесіз ұққан. Солай бола тұра әз Тәукенің тарихи орны мен қызметін айрықша қастерлеген. А.Левшиннің жазуынша, «было время, говорят благоразумнейшие из киргизов Меньшей орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудие. Сей золотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть царствование знаменитого Тявки, который, если верить преданиям, был действительно в своем роде гений, и в летописях казачьих должен стоят наряду с солонями и ликургами. Усмирив волновавшие долго роды и поколения, он не только ввел в них устройство, порядок, но и дал им многие законы».

Әрине, бұл утопистер мен марксистер армандағандай әлеуметтік біртекті, қауымдар мен азаматтар арасында сыйластық пен үйлесім толық салтанат құрған, «әркімге еңбегіне қарай, әркімнен қабілетіне қарай» материалдық игілікті теңдей бөлген қоғам еместін. Қайшылығы да, қақтығысы да бір өзіне жетіп жатты. Әйтпесе, Марғасқа жыраудан (XVIII ғ.) қалған:

Ей, қатағанның хан Тұрсын,

Кім арамды ант ұрсын,

Жазықсыз елді еңіретіп,

Жер тәңірісіп жатырсын,

Хан емессің, қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың,  
Алтын тақта жатсаң да,  
Ажалы жеткен пақырсың!  
Еңсегей бойлы Ер Есім  
Есігінде келіп тұр:  
Алғалы тұр жаныңды,  
Шашқалы тұр қаныңды! –

деген жолдар бүгінге жетер ме еді. Ауыз әдебиетінде сақталып қалған осынау қақтығыс тарихы жазба деректермен дәлелденіп отыр: 1628 жылы Есім хан Ташкентті билеп тұрған Тұрсын ханның басын алады. Бірақ, тұтастай алғанда, Қазақ мемлекеттігі сыртқы жауларына дес бермегені, ел ішінде қоғамдық келісімді, халықтың егемендігін, биліктің тепе-теңдігін сақтай алғаны ақиқат.

Алтыншыдан, мемлекет, құқық және азаматтар арасындағы ақниет ізгілік пен дала демократиясы қоғамның тұрақты да күш жинай дамуына жол ашты. Айталық, классикалық дәуірді алып жатқан 253 жыл ішінде 15 қазақ ханы билік басында отырған екен, яғни әрқайсысына орта есеппен 16-17 жылдан келеді. Осындайда Платон айтқан: ел басқарушының жасы 50 мен 70-тің арасы болуы керек, әрі ол 20 жылдан артық билік басында отырмағаны жөн, деген қағида еске түседі.

Қазақ мемлекеттігінің серпінді дамумен классикалық дәуірде қол жеткізген ірі жетістігі-бәсекеге қабілетті қоғам түзе алғаны. Ортағасырлардағы Қазақ хандығы алыс-жақын көршілерімен аз соғысқан жоқ. Соның бәріне төтеп бергені экономикалық, саяси, интеллектуалдық, рухани, демографиялық әлеуетінің биік деңгейге көтерілгенін айғақтайды. Ал, ол алда тосып тұрған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада», орыспен, қытаймен, ортаазиялық билеушілермен тайталасқан, егескен жылдарда өзін ақтады.

Қазақ хандығының шаңырақ көтеруі халқымыздың бәсекеге қабілеттілігін куәлендірген ұлы бетбұрыс. Ұлттық санамызға өшпестей жазылғаны соншалық, тәуелсіздік тұсында хандар мен билерге, батырлар мен сұлтандарға құрметіміз жаңа серпінмен сыртқа шықты. «Мәңгілік Ел» идеясының өміршеңдігіне бұл да бір айғақ-дәлел екені сөзсіз.

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,**

**Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және**

**этнология институтының директоры,**

**ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі**